| | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ | Тр 017-11.05-2026<br>30.04.2026 ж. |
|---|---|---|
| | Талап<br>Нормативтік құжат түрі | Бет. 1 - 6 |

**«БЕКІТЕМІН»**
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы қабылдау
комиссиясының төрағасының у.м.а.
__________________Ш. Ергөбек
2026 жылғы «30» сәуір
№10 Ғылыми кеңес хаттамасы

# 6B02100 «СӘН ЖӘНЕ КОСТЮМ ДИЗАЙНЫ» 2026 – 2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ОҚУ ТҮРІ ТАЛАПКЕРЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

**Алматы, 2026 ж.**

Құрастырушы: Ибраева А.Б. – «Сән және костюм дизайны» кафедрасының доценті

«Сән және костюм дизайны» кафедрасының отырысында ұсынылды
№ 9 хаттама «06» сәуір 2026 ж

«Сән және костюм дизайны»
кафедрасының меңгерушісі ________________ Жумагалиев М.С.

«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің академиялық сапа жөніндегі кеңесінде мақұлданған
«13» сәуір 2026 жыл. № 9 хаттама

Академиялық сапа жөніндегі кеңестің
төрағасы ________ Кайрамбаев Ж

КЕЛІСІЛДІ:
«Кескіндеме, мүсін және дизайн»
факультетінің деканы ________________ Байділда Б.Н.

# «6В02100 СӘН ЖӘНЕ КОСТЮМ ДИЗАЙНЫ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

## ФЭШН ДИЗАЙН

**«Фэшн-дизайн» бойынша оқуға түсуші талапкерде міндетті болуы керек:**

- таңдаған мамандандыруы немесе соған жақын мамандандыру бойынша орта арнаулы білімі (колледж, лицей), көркемдік білімі (көркем сурет мектебі);
- дизайн және бейнелеу өнері саласы бойынша арнайы білім беретін орта мектеп түлегіне сәйкес жалпы білім деңгейі, жоғары интеллектуалдық деңгейі және кең ой-өрісі, әлемдік бейнелеу өнері мен мәдениеті, сән және дизайн саласындағы білімі;
- тікелей заттың өзіне қарап және елестету арқылы сурет салу техникалары, акварель және гуашьпен жұмыс істеу бойынша практикалық дағдылары;
- дамыған эстетикалық талғамы, түс пен пропорцияны сезінуі, бейнелі шығармашылық ойлау қабілеті.

*Киім жасау саласында тәжірибесінің болуы және жеке шығармашылық жетістіктері құпталады.*

Талапкер іріктеу комиссиясына ұсынуы керек:

- кескіндеме және сурет бойынша кемінде 40 (қырық) өзі орындаған шығармашылық жұмыстарын;
- эссе (тақырыбы сұхбаттасуға дейін алдын-ала беріледі);
- портфолио (өзі орындаған келесі жұмыстарының фотосуреттері: материалда орындалған авторлық киім үлгілері; киім эскиздері, суреттер, графикалық композициялар, коллаждар және бейініне сәйкес басқа да жұмыстары)

Осы ұсынылған жұмыстар негізінде талапкердің шығармашылық емтихандарға жіберілуі туралы шешім қабылданады.

**<u>Шығармашылық емтихандар:</u>**

1. Сурет (6 сағат)
   Кескіндеме (6 сағат)

**Емтихан тапсырмаларының шарттары және оларды орындауға қойылатын талаптар:**

## 1. СУРЕТ ЖӘНЕ КЕСКІНДЕМЕ

**1-ші тапсырма:** натурадан иық бөлігі қамтылған адам портретін салу (сурет, 6 сағат)

***Талаптар:***

- бейнелеген нысанның параққа сауатты композициялық орналастырылуы;
- конструктивтік құрастырылуының және пропорцияларының дәлдігі;
- бейнелеген нысанның көлемдік-пластикалық сипатының көрсетілуі;
- негізгі реңктер қатынастарын сауатты көрсету және егжей-тегжейлі моделдеу дәрежесі;
- бейнеленуші натурамен портреттік ұқсастығы;
- жұмыстың толық аяқталуы

**Қағаз форматы:** өлшемі 40х60 см ватман

**Қолданылатын материалдар**: түрлі жұмсақ-қаттылықтағы қара қарындаштар, өшіргіш

**2-ші тапсырма**: натурадан алынған костюмдегі адам фигурасы (кескіндеме, 6 сағат)

***Талаптар:***

- бейнелеген нысанның параққа сауатты композициялық орналастырылуы;
- конструктивтік құрастырылуының және пропорцияларының дәлдігі;
- бейнелеген нысанның көлемдік-пластикалық сипатының көрсетілуі;
- негізгі реңктер және түстер қатынастарын көрсету сауаттылығы және түспен егжей-тегжейлі моделдеу дәрежесі;
- костюм матасының, материалдарының, әшекейлерінің фактурасын және де басқа сипаттарының көрсетілу деңгейі;
- жұмыстың толық аяқталуы

**Қағаз форматы:** өлшемі 40х60 см ватман

**Қолданылатын материалдар:** гуашь, акрил, акварель бояқтары; қылқаламда

# ТЕАТР ЖӘНЕ КИНО КОСТЮМІНІҢ ДИЗАЙНЫ

**«Театр және кино костюмінің дизайны» бойынша оқуға түсуші талапкерде міндетті болуы керек:**

- таңдаған мамандандыруы немесе соған жақын мамандандыру бойынша орта арнаулы білімі (колледж, лицей), көркемдік білімі (көркем сурет мектебі);
- дизайн және бейнелеу өнері саласы бойынша арнайы білім беретін орта мектеп түлегіне сәйкес жалпы білім деңгейі, жоғары интеллектуалдық деңгейі және кең ой-өрісі, әлемдік бейнелеу өнері мен мәдениеті, сән және дизайн саласындағы білімі;
- тікелей заттың өзіне қарап және елестету аркылы сурет салу техникалары, акварель және гуашьпен жұмыс істеу бойынша практикалық дағдылары;
- дамыған эстетикалық талғамы, түс пен пропорцияны сезінуі, бейнелі шығармашылық ойлау қабілеті.

*Киім жасау саласында тәжірибесінің болуы және жеке шығармашылық жетістіктері құпталады.*

Талапкер іріктеу комиссиясына ұсынуы керек:

- кескіндеме және сурет бойынша кемінде 40 (қырық) шығармашылық, өзі орындаған жұмыстарын;
- эссе (тақырыбы сұхбаттасуға дейін алдын-ала беріледі);
- портфолио (өзі орындаған келесі жұмыстарының фотосуреттері: материалда орындалған авторлық киім үлгілері; киім эскиздері, суреттер, графикалық композициялар, коллаждар және бейініне сәйкес басқа да жұмыстары)

Осы ұсынылған жұмыстар негізінде талапкердің шығармашылық емтихандарға жіберілуі туралы шешім қабылданады.

**<u>Шығармашылық емтихандар:</u>**

1. Сурет (6 сағат)
   Кескіндеме (6 сағат)

**Емтихан тапсырмаларының шарттары және оларды орындауға қойылатын талаптар:**

## 1. СУРЕТ ЖӘНЕ КЕСКІНДЕМЕ

**1-ші тапсырма:** натурадан иық бөлігі қамтылған адам портретін салу (сурет, 6 сағат)

***Талаптар:***

- бейнелеген нысанның параққа сауатты композициялық орналастырылуы;
- конструктивтік құрастырылуының және пропорцияларының дәлдігі;
- бейнелеген нысанның көлемдік-пластикалық сипатының көрсетілуі;
- негізгі реңктер қатынастарын сауатты көрсету және егжей-тегжейлі моделдеу дәрежесі;
- бейнеленуші натурамен портреттік ұқсастығы;
- жұмыстың толық аяқталуы

**Қағаз форматы:** өлшемі 40х60 см ватман (ватман емтиханда беріледі)

**Қолданылатын материалдар**: түрлі жұмсақ-қаттылықтағы қара қарындаштар, өшіргіш

**2-ші тапсырма**: Натурадан алынған костюмдегі адамның фигурасы (кескіндеме, 6 сағат)

***Талаптар:***

- бейнелеген нысанның параққа сауатты композициялық орналастырылуы;
- конструктивтік құрастырылуының және пропорцияларының дәлдігі;
- бейнелеген нысанның көлемдік-пластикалық сипатының көрсетілуі;
- негізгі реңктер және түстер қатынастарын көрсету сауаттылығы және түспен егжей-тегжейлі моделдеу дәрежесі;
- костюм матасының, материалдарының, әшекейлерінің фактурасын және де басқа сипаттарының көрсетілу деңгейі;
- жұмыстың толық аяқталуы

**Қағаз форматы:** өлшемі 40х60 см ватман (ватман емтиханда беріледі)

**Қолданылатын материалдар:** гуашь, акрил, акварель бояқтары, қылқаламдар